Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Батталова Г. М., 22.05.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 сәуір Іс №7119-24-00-2/3707 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Фархадов" (Фархадов Маммаддин Салахиддинұлы) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл санкцияларын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Фархадов" ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

7119-24-3-1/3172

"Фархадов" ЖК-нен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Фархадов" ЖК-нен "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 140 217 (жүз қырық мың екі жүз он жеті) теңге айыппұл санкциялары, 4 207 (төрт мың екі жүз жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Батталова Г. М., 22.05.2024

7119-24-3-1/3172